



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына –
«Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партия
фракциясының мүшелеріне
(тізім бойынша)

2023 жылғы 6 сәуірдегі
№ ДС -45

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

1995-2001 жылдары жалдамалы қызметкерлері 20 адамнан аспайтын және жылдық табысы 20 000 АЕК аспайтын пайдалана отырып, кәсіпкерлер патент негізінде тіркелген жиынтық салық төлеу арқылы жеңілдетілген салық режимін қолданған.

Анықтама үшін: патент нысан бойынша есептелетін және ҚҚС, әлеуметтік салық, жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын табыс салығын қамтитын тіркелген жиынтық салықтан тұрды.

Патенттер бір айдан бір күнтізбелік жылға дейінгі мерзімге берілді.

Патент бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлер ҚҚС төлеушілер болып табылды және шот-фактураларды болжамды кіріс негізінде есептелген және патент құнын анықтау кезінде қабылданған сомалар шегінде ғана жазуға мәжбүр болды.

Бұдан басқа, режим қызмет түрлерінің кең спектрін қамтыды (тұтыну тауарларын өндіру және сату - 22 қызмет түрі, тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы жеке тұлғалардың қызметі - 50 қызмет түрі, әлеуметтік-мәдени саладағы жеке тұлғалардың қызметі – 12 қызмет түрі, басқа қызмет түрлері - 39 қызмет түрі).

Бүгінгі күні қолданыстағы Салық кодексінде айналымы аз (3 528 АЕК немесе 12,2 млн. теңге) және жалдамалы қызметкерлері жоқ кәсіпкерлер үшін патент негізінде арнаулы салық режимі көзделген.

Патент құнын төлеу салық кезеңі басталғанға дейін жүргізіледі.

Патенттің алдағы кезеңдегі кірісінің жоспарланған сомасын салық төлеушінің өзі анықтайды.

Патентте жеке табыс салығының мөлшерлемесі бар болғаны 1% құрайды. Әлеуметтік салық төленбейді.

Бұл ретте, патентті қолдануға арналған қызмет түрлерінің тізбесі шектеулі.

Анықтама үшін: табыс мөлшері бойынша шектеулерді және жалдамалы қызметкерлерді пайдаланудан басқа қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу халықаралық практикаға сәйкес келеді, негізінен осындай режимдерді ұсақ қолөнершілер қолданады.

2022 жылдан бастап мобильдік қосымшаны пайдалану арқылы арнайы салық режимі енгізілді.

Осы қосымшаны қолдану салық төлеушінің салық міндеттемелерін тіркеуді, қызметін тоқтатуды және орындауды жеңілдетеді.

Осылайша, салық міндеттемелерін смартфон арқылы орындауға болады.

Салық кодексіне сәйкес арнаулы салық режимі патент негізінде жеке кәсіпкерлік нысанында қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер қолдануға құқылы *(мүлікті жалға беру, шааштараз қызметтері, такси қызметтері және т.б.)*

Мұндай жеке қызметтер үшін салық ставкалары төмендетілген. Бұл кірістер мөлшеріндегі *(2023 жылы 3 528 АЕК (12,2 млн. теңге))* және жалдамалы қызметкерлерді тартудағы шектеулерді түсіндіреді.

Егер кәсіпкер бизнесті дамытса, іске асыру көлемін арттырса және жалдамалы қызметкерлерді тартса, Салық кодексінде оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі көзделген.

Бұл ретте жарты жылдағы айналым 24 038 АЕК-тен *(2023 жылы 82,9 млн. теңге)*, ал қызметкерлер саны - 30 адамнан аспауға тиіс.

Бұдан басқа, ағымдағы жылғы 20 наурыздан бастап ретроспективті түрде *(2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап)* бөлшек салықтың АСР жаңартылды.

Осы режимде күнтізбелік жылдағы табыс 600 000 АЕК-тен *(2023 жылы 2,07 млрд. теңге)*, қызметкерлер саны 200 адамнан аспауға тиіс.

Бөлшек салық мөлшерлемесі бөлшек сату бойынша 4%-ды *(мәслихаттардың құқығымен мөлшерлемені 50%-ға төмендету)* және бизнес субъектілерінің атына өткізу бойынша 8%-ды құрайды.

Бұл режимнің басты артықшылығы болып табылатыны, ол бөлшек салық АСР қолданатын салық төлеушілер қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайды.

Осылайша, Салық кодексінде шағын бизнес субъектілеріне салық салудың әртүрлі нұсқалары қарастырылған.

Бұл ретте жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс шеңберінде арнаулы салық режимдерін реформалау, оның ішінде патент салық салу жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша мәселелері пысықталуда.

Е. Жамаубаев

«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттарының тізімі:

1. Б. Бейсенбаев
2. А. Перуашев
3. Д. Еспаева
4. Е. Барлыбаев
5. Қ. Иса
6. А. Садықов